- A) биологиялық белсенді заттардың әсерінен ағзалармен тіндер құрылымы және қызметінің бұзылыстарымен
 - B) биологиялық белсенді заттардың әсерленуімен
 - C) иммундық кешендер түзілуімен
 - D) антидене түзілуімен
 - E) сезімталдығы жоғарылаған лимфоциттердің түзілуімен
3. Аллергиялық серпілістердің реактивті түрінің дамуына қатысатын иммуноглобулиндер ... классынан болады.
- A) E
 - B) M
 - C) A
 - D) C
 - E) D
- 4 ... «аллергия» ұғымын алғаш рет ұсынды.
- A) К. Пирке
 - B) А.М. Безредка
 - C) П.Джелл мен Р.Кумбс
 - D) А.Д. Адо
 - E) И.И. Мечников
- 5.Аллергия – бұл
- A) өз ұлпаларын зақымдаумен сипатталатын ағзаның иммундық серпілісі
 - B) аллергиялық енуіне ағзаның бұрмаланған серпілісі
 - C) аллергиялық ағзаның өзгерген сезімталдығы
 - D) аллергиялық ағзаның жоғары сезімталдығы
 - E) аллергиялық қасиеті бар заттарға ағзаның иммундық серпілісі
- 6.Аллергиялық ауру – бұл
- A) тек аллергиялық әсер еткен кезде дамиды ауру
 - B) тұқым қуалайтын ауру
 - C) тұқым қуалаушылыққа бейім ауру
 - D) гендік ауру
 - E) хромосомалық ауру

Жағдайлық есеп

Антибиотикті инъекция түрінде жасап, 20 минуттан кейін, балтыр флегмонасымен аурыатын науқас шағым айтты: қорқыныш сезімі, мазасыздық, бетінің қызаруы, қан қысымы 180/90 мм.с.б.

Ендігі 20 минуттан кейін науқастың жағдайы нашарлады: әлсіздік, есінің шатасуы, қалтырау, қан қысымы 75/55 с.б.

Сұрақтар

1. Пациентте қандай жағдай дамиды?

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы		№81-11-2024
«Жалпы патология» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар		36 беттің 21 беті

2. Ем жолдары қандай?

№ 8 Симуляцилық сабақ

1. Тақырыбы: Өспелер.

2. Мақсаты: өспелердің дамуымен байланысты жағдайларының патологиялық талдауды жүргізуді үйрету.

3. Оқыту міндеттері

- канцерогенездің патогенетикалық тізбектерін зерттеу;
- қатерлі және қатерсіз өспелерді сипаттау;
- қалыпты жасушаның өспелік жасушаға трансформация тетіктерін түсіндіру.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Өспелік өсудің этиологиясы.
2. Канцерогенездің патогенездік тетіктері.
3. Өспеге қарсы ағзаның қорғаныстық тетіктері.

5. Білім берудің және оқытудың әдістері: TBL. Ауызша сұрау, тестілеу.

6. Әдебиет: № 1 қосымшаны қараңыз.

7. Бақылау

Сұрақтар

1. Цито- және гистодифференциация.
2. Өспелік өсудің этиологиясы.
3. Канцерогенездің патогенездік тетіктері.
4. Соматикалық жасушалардың бласттрансформациялық тетіктері.
5. Трансформацияланған жасушалардың атипизмі.
6. Өспелік прогрессияның тетіктері.
7. Өспелік экспансияның жолдары.
8. Ағза және өспелік арақатынасы.
9. Өспеге қарсы ағзаның қорғаныстық тетіктері

Тесттер

1. Канцерогенездің екінші сатысы ... деп аталады.

- A) инициация
- B) синканцерогенез
- C) промоция
- D) проканцерогенез
- E) коканцерогенез

2. Эндогенді химиялық канцерогендерге ... жатады.

- A) хош иісті көмірсулар
- B) оттегінің еркін радикалдары мен азот тотығы
- C) нитрозаминдер
- D) аминазоқосындылар
- E) қарапайым химиялық қосындылар

3. Өспе тінінің химиялық құрылымының қарапайым дамуы ... деп аталады.

- A) дисплазия
- B) күрделенуі
- C) конвергенция
- D) гипертрофия
- E) анаплазия

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы		№81-11-2024
«Жалпы патология» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар		36 беттің 22 беті

4. Тіннің инфильтрациялық өсуі ... кезінде байқалады.

- А) қатерлі өспе
- В) қатерсіз өспе
- С) гиперплазия
- Д) гипертрофия
- Е) регенерация

5. Өспе жасушаларының метастаздануы ... сатысында жүреді.

- А) прогрессия
- В) промоция
- С) инициация
- Д) проканцерогенез
- Е) синканцерогенез

6 ... өспеге қарсы иммунитетте негізгі рөл атқарады.

- А) Табиғи киллерлер
- В) Хелперлер
- С) Супрессорлар
- Д) Интерлейкиндер
- Е) Простагландиндер

7. Өспелік кахексия ... сипатталады.

- А) организмнің қатты жүдеуімен
- В) дене салмағының артуымен
- С) гиперорексиямен
- Д) бұлшық еттердің салмағының артуымен
- Е) миокард салмағының артуымен

8. Канцерогенездің екінші сатысы ... деп аталады.

- А) промоция
- В) синканцерогенез
- С) коканцерогенез
- Д) инициация
- Е) проканцерогенез

9. Ағзада оң азоттық тепе-тендік ... дамиды.

- А) соматотропты гормон артық болғанда
- В) глюкокортикоидтар артық болғанда
- С) нәруыздық ашығуда
- Д) өспелік кахексия кезінде
- Е) қантты диабет кезінде

№ 9 Симуляцилық сабақ

1. Тақырыбы: Қан жүйесінің патологиясы.

2. Мақсаты: эритроциттердің, лейкоциттердің патологиямен және гемостаз бұзылыстарымен байланысты жағдайларының патологиялық талдауды жүргізуді үйрету.

3. Оқыту міндеттері

- эритроциттер мен лейкоциттердің сандық және сапалық құрамының өзгерістерін зерттеу;
- гемоглобин және эритроциттердің перифериялық қандағы санына қарай анемия түрлерін анықтау;

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы		№81-11-2024
«Жалпы патология» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар		36 беттің 23 беті

- лейкоцитарлық формуласын бағалауды жүргізу;
- гемостаз бұзылыстарының бағалауды жүргізу.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Анемиялар мен эритроцитоздар.
2. Лейкопениялар мен лейкоцитоздар.
3. Геморрагиялық синдромдар.

5. Білім берудің және оқытудың әдістері: жағдайлық есептерді шешу, ауызша сұрау, тестілеу.

6. Әдебиет: № 1 қосымшаны қараңыз.

7. Бақылау

Сұрақтар

1. Эритроциттердің дерттік түрлері.
2. Эритроцитоз, түрлері.
3. Анемиялар, анықтамасы, түрлері.
4. Қан жоғалтудың салдарынан дамидын анемиялар (постгеморрагиялық анемиялар).
5. Гемолиттік анемиялар.
6. Темір тапшылықтық анемиялар.
7. В₁₂ - тапшылықтық анемиялар, пернициоздық анемия.
8. Гипо- және апластикалық анемиялар.
9. Лейкоцитоз, түрлері.
10. Лейкопения, түрлері.
11. Лейкоциттердің патологиялық түрлері.
12. Геморрагиялық синдромдар, түрлері, этиопатогенез.

Тесттер

1. Темір тапшылықты анемия үшін ... тән болып табылады.
 - А) гипохромия
 - В) мегалобластық қан түзу
 - С) ретикулоцитоз
 - Д) гемосидероз
 - Е) гипербилирубинемия
2. Панцитопения ... тән.
 - А) талассемияға
 - В) жіті постгеморрагиялық анемияға
 - С) гипо- және аплазиялық анемияға
 - Д) гемолиттік анемияға
 - Е) орақ тәрізді жасушалы анемияға
3. Геморрагиялық диатез ... көрінеді.
 - А) тромбозбен
 - В) сладж-феноменімен
 - С) қайта қансыраумен
 - Д) тромбозбен
 - Е) ТҚШҰ-синдромымен
4. Анемия кезіндегі ретикулоцитоз ... көрсетеді.
 - А) сүйек кемігінің қызметінің жоғарылауын
 - В) гипер- немесе гипохромды эритроциттердің пайда болуын
 - С) эритроциттердің пішінінің өзгеруін

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы		№81-11-2024
«Жалпы патология» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар		36 беттің 24 беті

- Д) эритроциттердің диаметрінің өзгеруін
 Е) қан түзілудің мегалобластық түрін
5. Созылмалы қансырау ... анемиясының дамуына әкеледі.
 А) темір тапшылықты
 В) В₁₂-тапшылықты
 С) гемолиздік
 Д) Фанкони
 Е) микросфероцитарлық
6. Бір рет көлемді қан жоғалтқан кезде ... анемия пайда болады.
 А) жіті постгеморрагиялық
 В) В₁₂-тапшылықты
 С) жіті гемолиздік
 Д) жіті аплазиялық
 Е) темір тапшылықты
7. Гемолиздік анемия үшін ... тән болып табылады.
 А) эритроциттердің өмір ұзақтығының қысқаруы
 В) қызыл сүйек кемігінде май дамуы
 С) мегалобластық қан түзу
 Д) организмде темір тапшылығы
 Е) эритроциттердің осмотық резистенттілігінің жоғарылауы
8. Темір тапшылықты анемия ... сипатталады.
 А) гипохромиямен
 В) мегалобластық қан түзумен
 С) ретикулоцитозбен
 Д) гемосидерозбен
 Е) гипербилирубинемиямен
9. Лейкемиялық «үңгір» – бұл лейкоциттердің
 А) бластық және жетілген түрлерінің болуы, аралық түрлерінің болмауы
 В) формулада миелобластар санының жоғарылауы
 С) формулада базофилдер мен эозинофилдердің болмауы
 Д) жетілген формаларының көбеюі
 Е) лейкоциттердің бластық түрлерінің болмауы
10. Қанда бластық жасушаларының көп болуы ... тән.
 А) жіті лейкозға
 В) созылмалы лейкозға
 С) лейкоцитозға
 Д) лейкопенияға
 Е) лейкомоидты серпіліске

Жағдайлық есеп

42 жастағы науқас әйел төмендегідей шағымдармен келіп түсті: басының ауыру, ұйқысының нашарлауы, үдей түскен әлсіздік, менструация уақытына сай келмейтінін мезгілімен жатырынан қан кетуі. Қан кету жарты жыл бұрын басталған. Емханада жасалынған қанның анализі: Нв 95 г/л, эритроциттер $3,3 \times 10^{12}/л$, ретикулоциттер 8,5%. Сарысулық темірдің құрамы қалыпты жағдайда жанұя жағдайларымен науқасқа әрі қарай тексерулер мен ем жүргізілген жоқ. Қан кету жалғаса берді, бұрынғы шағымдары күрделілене түсті, науқастың жағдайы нашарлағаны соншалықты, тағы жарты жылдан

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы		№81-11-2024
«Жалпы патология» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар		36 беттің 25 беті

кейін гинекологиялық клиникаға госпитализацияланды. Ол жерде «жатыр миомасы» деген диагноз қойылды. Клиникаға түскендегі қан анализі: Нb 45 г/л, эритроциттер $2,2 \times 10^{12}/л$, қан жағындысында гипохромия және эритроциттердің анизоцитозы (микроциттердің басымдылығымен), ретикулоциттер 0,05%. Сарысулық темірдің құрамы қалыптыдан төмен.

Сұрақтар

1. Екі кезеңдегі науқастың қанының суреттемесін бағалаңдар, яғни жарты жылдан кейінгі және аурудың басталған кезеңдегі өзгерістерін (әрбір анализіндегі түстік көрсеткішін есептеңдер).
2. Екі анализдің нәтижесін салыстырыңдар. Емханалық анализінде табылған алғашқы қан суреттемесінен клиникаға түскен кездегі қан жағдайын қандай сандық және сапалық белгілерін айырамыз? Бірінші қан анализінің екіншісінен сапалық айырмашылығының себебі неде? Қандағы табылған өзгерістердің болжамдық мәні қандай?
3. Науқастың әрбір кезеңіндегі бақылауында яғни емханалық және клиникалық, қан жүйесінің патологиясының типін сипаттаңдар.
4. Науқасты емдеу жоспарын құрғанда берілген патология түрінің емдеу ұстанымдары қандай?

№ 10 Симуляцилық сабақ

1. Тақырыбы: Жүрек патологиясы. Ревматикалық аурулар.

2. Мақсаты: миокард қасиетінің бұзылыстарымен байланысты жағдайларының патологиялық талдауды жүргізуді үйрету.

Жүректің ревматикалық ауруларына тоқталу студенттерге жеткізіп тиімді емдеу жоспарын құру.

3. Оқыту міндеттері

- жүрек қызметінің бұзылыстарының негізгі факторларын зерттеу;
- жүрек жеткіліксіздігі формалар мен аритмиялардың жіктелу, олардың даму механизмдерін зерттеу;
- жүрек жиырылғыштық қызметінің жедел және ұзақ уақыттық адаптацияның механизмдерін түсіндіру.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары

1. Аритмиялар.
2. Миокардтың некроздар.
3. Жүрек жеткіліксіздігі.

5. Білім берудің және оқытудың әдістері: TBL. Ауызша сұрау, тестілеу.

6. Әдебиет: № 1 қосымшаны қараңыз.

7. Бақылау

Сұрақтар

1. Жүрек қызметі бұзылыстарының негізгі факторлары.
2. Жүрек жеткіліксіздігінің түрлері.
3. Тоногенді және миогенді жүрек дилатациясы.
4. Жүрек ісінулерінің даму тетіктері.
5. «Өкпелік жүрек» түсінігі.
6. Жүрек қақпақшаларының зақымдануындағы жүрек жеткіліксіздігі.
7. Жүрек жеткіліксіздігінің жүктемелік түрлері және даму тетіктері.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы		№81-11-2024
«Жалпы патология» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар		36 беттің 26 беті

Тесттер

- Жүрек жеткіліксіздігінің миокардиалды түрі ... пайда болады.
 - жүрек қақпақтарының ақауларында
 - гипертониялық ауруда
 - қанды артериовенозды шунттауда
 - қолқа коарктациясында
 - миокард инфарктісінде
- Жүректің көлеммен зорығуы ... кезінде дамуы мүмкін.
 - жүрек митралды қақпақшының жеткіліксіздігі
 - артериялық гипертензия
 - артериялық гипотензия
 - аорталды қақпақшалы тесіктің тарылуы
 - гиперволемия
- Жүректің "кедергімен" зорығуы ... дамиды.
 - эритремияда
 - артериялық гипертензияда
 - жүрек қақпақшаларының жеткіліксіздігінде
 - физикалық жұмыста
 - гиперволемияда
- Жүрек жеткіліксіздігінің зорығулы түрі ... дамиды.
 - гиперволемияда
 - миокард ишемиясында
 - миокардиттерде
 - экстрасистолияда
 - миокард дистрофиясында
- Дерттік серпіліске ... жатады.
 - жарыққа көз қарашығының кеңеюі
 - тіннің тыртықтық өзгерісі
 - суыққа тері тамырларының тарылуы
 - гипогидратациядағы шөл
- Жүректің ишемиялық ауруы ... аурулар тобына жатады.
 - полигендік
 - өзіндік тұқым қуалайтын
 - хромосомалық
 - туа пайда болатын
 - тек сыртқы орта факторлардан пайда болатын
- Клиникалық өлімнің басталғанын ... дәлелдейді.
 - тыныс алу мен жүрек соғысының тоқтауы, рефлексстердің жоғалуы
 - сирек пульс
 - естің кімескіленуі
 - қан қысымының тез түсуі
 - сирек беткей тыныс
- Клиникалық өлімнің ұзақтығы –
 - 5-6 мин
 - 1-2 мин

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы		№81-11-2024
«Жалпы патология» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар		36 беттің 27 беті

- С) 30-60 мин
 Д) 1-2 сағ
 Е) 1-2 күн

Жағдайлық есеп

Бала Ц., 1 жас 2 ай, тәбеттің төмендеуіне, массаның жоғалуына, дымқыл жөтелге шағымданады. Анамнезден бір жасқа дейін баланың жасына сәйкес дамығаны, 10 айдан бастап өздігінен жүретіні белгілі. 11,5 айлық жасында катаральды құбылыстармен және ішек синдромымен (іштің ауыруы, сұйық нәжіс) бірге жүретін жедел респираторлық ауру болды, Төмен дәрежелі температура байқалды. Аталған өзгерістер 7 күн бойы сақталды. Амбулаториялық, симптоматикалық ем алды. Сауығып кеткеннен кейін 2-3 аптадан кейін ата-аналар баланың ойын кезінде тез шаршай бастағанын, еңтігу байқалғанын атап өтті. Жағдай біртіндеп нашарлай бастады: түнде мазасыздық пен дымқыл жөтел белгілері мезгіл-мезгіл пайда болды, тәбеті төмендеді, бала салмағын жоғалтты, терінің бозаруына назар аударды. Температура көтерілмеді. Қабылдау кезінде жағдай ауыр деп саналады, бала летаргиялық, тәбеті төмендейді. Тері, жұтқыншақ бозғылт қызғылт. Тыныс алу жиілігі 44 рет 1 мин., өкпеде төменгі бөлімдерде ылғалды сырылдар естіледі. Жүрек аймағы: визуальды-кішкентай жүректің сол жағы шығыңқы, пальпаторлы-апикальды итеруші, перкуторлы — шекаралары: оң-төс сүйегінің оң жақ жиегі, сол-алдыңғы қолтық асты сызығы, жоғарғы-ІІ қабырға аралық, аускультативті-жүрек соғу жиілігі - 146 рет. / мин, жүрек тондары дыбыссыз, көбінесе І тон, 70-тің жоғарғы жағында дөрекі емес тембр тыңдалады, систолалық шу І тонмен байланысты систоланың 1/3 бөлігін алады.

1. Бұл қандай ауру?
2. Бұл синдромның себептері қандай?

№ 11 Симуляцилық сабақ

1. Тақырыбы: Сыртқы тыныс алу патологиясы. Туберкулез.

2. Мақсаты: сыртқы тыныс алу бұзылыстарымен байланысты жағдайларының патологиялық талдауды жүргізуді үйрету.

3. Оқыту міндеттері

- тыныс алу жүйесінің бұзылыстарының жалпы этиология және патогенезін зерттеу;
- тыныстың орталықтан реттеу бұзылыстары, түрлері, даму механизмдерін зерттеу;
- тыныс жеткіліксіздігі және оның түрлерін анықтау.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары

1. Сыртқы тыныс жеткіліксіздігінің шақыратын этиологиялық факторлар.
2. Тыныс жеткіліксіздігі.
3. Тыныс реттелуінің бұзылыстары.
4. Туберкулезді анықтау түрі

5. Білім берудің және оқытудың әдістері: PBL. Ауызша сұрау, тестілеу.

6. Әдебиет: № 1 қосымшаны қараңыз.

7. Бақылау

Сұрақтар

1. Сыртқы тыныс жеткіліксіздігінің шақыратын этиологиялық факторлар.
2. Альвеолалық гиповентиляция.
3. Альвеолалық гипервентиляция.
4. Өкпе диффузиялық қабілетінің бұзылыстары.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы		№81-11-2024
«Жалпы патология» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар		36 беттің 28 беті

5. Өкпе перфузиясының бұзылыстары.
6. Тыныс жеткіліксіздігі, түрлері және патогенезіндегі негізгі тізбегі.
7. Плевра зақымдалуының көріністері.
8. Тыныс реттелуінің бұзылыстары.
9. Үзілісті тыныс түрлері.
10. Тыныстың терминалдық түрлері.
11. Ентік, анықтамасы, түрлері.
12. Туберкулез ауруы.

Тесттер

1. Тыныс жеткіліксіздігінің обструктивті түрі ... кезінде пайда болады.
 - A) пневмосклероз
 - B) пневмония
 - C) қабырғалардың сынуы
 - D) тыныс орталығының салдануы
 - E) бронхспазм
2. Тыныс жеткіліксіздігінің рестриктивті түрі ... дамиды.
 - A) тыныс жолдарының ісінуінде
 - B) тыныс жолдарының бітелуінде
 - C) бронхтың тегіс бұлшық еттерінің жиырылуында
 - D) өкпені алып тастағанда
 - E) тыныс жолдары қысылғанда
3. Үзілісті тыныс дегеніміз ...
 - A) демді ішке тарту мен демді шығарудың ара қатынасы өзгерген тыныс
 - B) тыныс кезеңдерінің апноэмен ауысып отыруы
 - C) жиі тыныс
 - D) тереңдігі өзгеріп отыратын тыныс
 - E) тыныстың тоқтауы
4. Сыртқы тыныс жеткіліксіздігі қабаттасады
 - A) артериялық қанда оттегінің (pO_2) және көмір қышқыл газының (pCO_2) үлестік қысымының жоғарылауымен
 - B) артериялық қанда pO_2 және pCO_2 төмендеуімен
 - C) веналық қанда pO_2 төмендеуі және pCO_2 жоғарылауымен
 - D) қанда pO_2 төмендеуімен және pCO_2 қалыпты болуымен
 - E) артериялық қанда pO_2 төмендеуі және pCO_2 жоғарылауымен
5. Ұяшықтық гиповентиляция әкеледі
 - A) гипоксемия, гипокапния, ацидозға
 - B) гипоксемия, гипокапния, алкалозға
 - C) гипоксемия, гиперкапния, ацидозға
 - D) гипоксемия, гиперкапния, алкалозға
 - E) газдық емес ацидозға
6. Өкпе вентиляциясының обструкциялық бұзылысы пайда болады
 - A) тыныс жолдарының өткізгіштігі бұзылғанда
 - B) тыныстық бұлшықеттердің қызметі бұзылғанда
 - C) өкпе ателектазында
 - D) өкпенің тыныстық беткейі кішірейгенде
 - E) тыныс алу орталығы қызметі тежелгенде

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы		№81-11-2024
«Жалпы патология» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар		36 беттің 29 беті

7. Бронхылар обструкциясының қақпақшалық тетігі пайда болады

- A) өкпе эмфиземасы кезінде
- B) пневмонияда
- C) сурфактант тапшылығында
- D) өкпе бөлігін алып тастағанда
- E) өкпе ісінуінде

8. Жоғарғы тыныс жолдарының кеудесыртылық обструкциясы (мойын аймағындағы) қабаттасады

- A) Биот тынысымен
- B) жиі үстіртін тыныспен
- C) демді сыртқа шығару қиындаған тыныспен
- D) Чейн-Стокс тынысымен
- E) демді ішке тарту қиындаған тыныспен

9. Тыныс жолдарының кеудеішілік обструкциясы қабаттасады

- A) стеноздық тыныспен
- B) жиі үстіртін тыныспен
- C) демді сыртқа шығарудың қиындауымен
- D) Чейн-Стокс тынысымен
- E) демді ішке тартудың қиындауымен

10. Көмей тарылуы қабаттасады

- A) жиі үстіртін тыныспен (тахипноэ)
- B) жиі терең тыныспен (гиперпноэ)
- C) демді сыртқа шығару қиындаған сирек терең тыныспен
- D) демді ішке тарту қиындаған сирек терең тыныспен
- E) Биот тынысымен

Жағдайлық есеп

5 жасар қыз бала гипертермияға, іштің ауырсынуына шағымданады. Анамнезінен қыз баланың 4 күн бойы ауырғаны, катаральды симптомдар пайда болғаны, дене қызуы $39,4^{\circ}\text{C}$ көтерілгені белгілі. Анасы балаға ыстық түсіретін дәрілер берді, әсері қысқа болды, қызу аз уақытқа төмендеді, кейін қайтадан $38,8-39^{\circ}\text{C}$ көтерілді. Бір күн бұрын анасы баланың жалпы жағдайының күрт нашарлауын, аздаған тұтқыр, шыны тәрізді қақырықпен ауыратын жөтелдің пайда болуын, қатты қалтырауды, оң жақ бүйірінде ауырсынуды атап өтті. Түн тынышсыз болды, температура жоғары деңгейде сақталды. Қарау кезінде дәрігер қыздың летаргиясына, тері жамылғысының бозарғанына, жақтарының айқын қызаруына, тырнақ төсеніштерінің бозаруына, тыныштық кезіндегі аралас сипаттағы еңтігуге, кеуде қуысының сәйкес аймақтарының тартылуына назар аударды. Бала аяғын бүгіп оң жағымен жатқан. Кеуденің оң жақ жартысында тыныс алу актісінде артта қалу, оң жақ өкпенің төменгі жиегінің қозғалғыштығы шектелген. Оң жақ өкпенің төменгі бөліктерінде артқы бет бойымен перкуторлы дыбыстың қысқаруы. Сол жақ өкпенің бүкіл бетінде перкуторлы дыбыс қорап тәрізді реңкке ие.

1. Бұл қандай ауру?
2. Бұл синдромның себептері қандай?

№ 12 Симуляциялық сабақ

1. Тақырыбы: Асқорыту патологиясы. Бауыр патологиясы.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы		№81-11-2024
«Жалпы патология» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар		36 беттің 30 беті

2. Мақсаты: асқорыту мен бауырдың бұзылыстарымен байланысты жағдайларының патологиялық талдауды жүргізуді үйрету.

3. Оқыту міндеттері

- асқорыту бұзылыстарының жалпы этиологиясы және патогенезін зерттеу;
- бауыр патологиясының негізгі түрлерін зерттеу;
- сарғыштану түрлерін анықтау.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Тәбет пен жұтудың бұзылыстары.
2. Асқазан мен ішектің қызметінің бұзылыстары .
3. Бауыр жеткіліксіздігі.

5. Білім берудің және оқытудың әдістері: TBL. Ауызша сұрау, тестілеу.

6. Әдебиет: № 1 қосымшаны қараңыз.

7. Бақылау

Сұрақтар

1. Анорексия түрлері.
2. Гиперсаливация және гипосаливация.
3. Жұтудың бұзылыстары.
4. Өңештің қозғалғыштық функциясының бұзылыстары.
5. Асқазанның гипосекреция және гиперсекрециясы.
6. Асқазан моторлық функциясының бұзылыстары.
7. Қабырғалық асқорыту бұзылыстарының себептері.
8. Ішек перистальтикасының бұзылыстары.
9. Бауыр патологиясына әкелетін негізгі этиологиялық факторлар.
10. Сарғыштану түрлері, оның сипаттамасы.
11. Бауыр жеткіліксіздігі, түрлері, сипаттамасы.
12. Бауырлық кома патогенезі.

Тесттер

1. Ерте жастағы балаларда майларды сіңіру қиындауының себебі ... табылады.
 - A) ішектегі липаза белсенділігінің төмен болуы
 - B) майлардың эмульгациясы жылдам болуы
 - C) өт қышқылдарының артық болуы
 - D) гиперпротеинемия
 - E) гликогенолиз ферменттерінің белсенділігі жоғары болуы
2. Гиперсаливация байқалады
 - A) сілекей бездерінің өспесінде
 - B) сиалолитиазда
 - C) кезбе жүйкенің межекуаты жоғарылағанда
 - D) кезбе жүйкенің межекуаты төмендегенде
 - E) күшті эмоцияларда
3. Толастамайтын құсу кезінде пайда болады
 - A) гиперкәлиемия
 - B) гипернатриемия
 - C) гиперхлоремия
 - D) метаболизмдік алкалоз
 - E) толық және шала салдану
4. Асқазан сөлі бөлінуі төмендеуінің себебі

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы		№81-11-2024
«Жалпы патология» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар		36 беттің 31 беті

- A) асқазанды артық парасимпатикалық түрткілеу
- B) секретиннің өндірілуінің төмендеуі
- C) гастрин өндірілуінің азаюы
- D) гистамин шығуының жоғарылауы
- E) Золлингер-Эллисон синдромы
- 5. Асқазан сөлі қышқылдығының жоғарылауы әкеледі
 - A) асқазанда ашу мен шіру үдерістерінің дамуына
 - B) астың асқазаннан ішекке өтуінің баяулауына
 - C) асқазаннан түскен астың ұлтабарда өндірілетін заттармен тез бейтарапттануына
 - D) іш өтуіне
 - E) асқазан қалтқысының ашық болуы
- 6. Панкреатиттік ахилияның жиі кездесетін көрінісіне жатады
 - A) дене салмағының төмендеуі
 - B) B12 витаминінің жетіспеушілігі
 - C) стеаторея
 - D) остеопороз
 - E) нефролитиаз
- 7. Жіті панкреатиттің негізгі тізбегінің дамуына мынаның белсенденуі әкеледі
 - A) трипсиннің
 - B) эластазаның
 - C) калликреин-кинин жүйесінің
 - D) қан ұю жүйесінің
 - E) фибринолитикалық жүйенің
- 8. Тәбеттің дерттік күшеюі ... терминмен белгіленеді.
 - A) гиперорексия
 - B) полифагия
 - C) дисфагия
 - D) афагия
 - E) анорексия
- 9. Дисфагия – бұл
 - A) тоқтық сезімі
 - B) тәбеттің болмауы
 - C) шектен тыс күшейген тәбет
 - D) тағамды артық пайдалану
 - E) жұтудың бұзылуы
- 10. Жоғары уробилинурия болатын сарғыштанудың түрі ... деп аталады.
 - A) паренхиматоздық
 - B) гемолиздік
 - C) обтурациялық
 - D) механикалық
 - E) бауыр асты

Жағдайлық есеп

Қыз бала, 11 жаста, 1 жастан бері ауырады, таңертең аш қарынға пайда болатын, тамақ ішкеннен кейін 1,5-2 сағаттан соң түнде, тамақ ішкенде басылатын эпигастрий аймағындағы «аштық» ауру сезіміне шағымдары; қышқыл. Дәрігерге бірінші рет бір

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы		№81-11-2024
«Жалпы патология» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар		36 беттің 32 беті

апта бұрын келген, амбулаторлық FEGDS кейін ауруханаға жатқызылған. Анамнезінен: баланың анасы он екі елі ішектің ойық жарасымен, әкесі гастритпен, ал анасы он екі елі ішектің ойық жарасымен ауырған. Акушерлік және патологиясыз ерте анамнез. Арнайы мектепте аптасына 6 күн оқиды, аптасына 3 рет хореографиямен айналысады. Табиғаты бойынша интроверт. Қарап тексергенде: бойы 148 см, салмағы 34 кг, бозғылт қызғылт түсті, терісі таза. Іші: эпигастрийде мендель синдромы оң, беткей және терең пальпация кезінде эпигастрий мен пилородуоденальды аймақта бұлшықеттердің аздап дефляциясы және ауырсынуы, сонымен қатар Дежарден және Майо-Робсон нүктелерінде ауырсыну байқалады. Бауыр ұлғаймаған, ауырсынусыз. Нәжіс қалыпты және қалыптасқан. Басқа органдарда патология жоқ.

1. Бұл қандай ауру?
2. Бұл синдромның себептері қандай?

№ 13 Симуляцилық сабақ

1. Тақырыбы: Бүйрек патологиясы.

2. Мақсаты: бүйрек функциялары бұзылыстарымен байланысты жағдайлардың патологиялық талдауды жүргізуді үйрету.

3. Оқыту міндеттері

- бүйрек функциясы бұзылыстарының жалпы этиологиясы және патогенезін зерттеу;
- несептің жалпы анализін интерпретациялау;
- ЖБЖ-дегі ем ұстанымдарын негіздеу.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары

1. Шумақтық фильтрация бұзылыстары.
2. Түтікшелік реабсорбция.
3. Бүйрек жеткіліксіздігі.

5. Білім берудің және оқытудың әдістері: жағдайлық есептерді шешу, ауызша сұрау, тестілеу.

6. Әдебиет: № 1 қосымшаны қараңыз.

7. Бақылау

Сұрақтар

1. Шумақтық фильтрация бұзылыстары.
2. Натрий, калий, көмірсу және амин экскрециясының бұзылыстары.
3. Бүйректік түтікшелік ацидоз, түрлері.
4. Несептің патологиялық құрамдық бөлігі.
5. Нефротикалық синдром патогенезі.
6. Бүйрек жеткіліксіздігі, түрлері.
7. ЖБЖ және СБЖ-нің этиопатогенезі.
8. Бүйректік кома, жалпы этиология және патогенез.

Тесттер

1. Балалардағы шумақтық зақымданудың ең көп таралған түрі:
 - A) минималды өзгерістермен нефропатия.
 - B) мембраналық пролиферативті гломерулонефрит.
 - C) мембраналық гломерулонефрит.
 - D) сегменттік гломерулонефрит.
 - E) созылмалы гломерулонефрит.
2. Гематурия – бұл зәрде ... пайда болуы.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы		№81-11-2024
«Жалпы патология» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар		36 беттің 33 беті

А) эритроциттердің

В) лейкоциттердің

С) эпителий жасушаларының

Д) цилиндрлердің

Е) белоктардың

3. Зәрдің салыстырмалық тығыздығының төмендеуі ... аталады.

А) гипостенурия

В) цилиндрурия

С) никтурия

Д) гиперстенурия

Е) изостенурия

4. Соңғы зәрдің изостенурия кезіндегі меншікті тығыздығы –

А) 1010-1011

В) 1016-1020

С) 1020-1030

Д) 1025-1035

Е) 1006-1012

5. Пререналды полиурия ... дамиды.

А) қуық асты безі аденомасында

В) антидиурездік гормонның өндірілуі төмендегенде

С) организмнің дегидратациясында

Д) жіті артериялық гипотензияда

Е) зәр шығаратын түтіктің тарылуына

Жағдайлық есеп

Науқас 5 сағат бойы апаттан кейін (үй сынған) шығарылған, оның есі әлсіз, бел айналасында ауырсыну сезімі, ҚҚ 80/60 с.б., пульс 110 минутына.

Шеткері қанда: эритроциттер – $3,0 \times 10^{12}/л$, гемоглобин – 100г/л, лейкоциттер – $9,2 \times 10^9/л$. Сарысуда: креатинин – 17,2 мг/л, мочеви́на – 8,6 мкмоль/л. Сағат сайын несепті (диурезді) тексеру: 1 сағаттан кейін түскені – 15 мл, ал 2 сағаттан кейін – 10 мл, ал 3 сағаттан кейін – 7 мл, 4 сағаттан кейін – 2 мл. Зәрде креатинин мөлшері 1 сағаттан кейін – 530 мг/л. Зәрде қантпен нәруыз жоқ.

Сұрақтар

1. Науқаста қандай бүйрек синдромы дамиды?

2. Бұл синдромның себептері қандай?

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы		№81-11-2024
«Жалпы патология» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар		36 беттің 34 беті

Қосымша № 1

Әдебиет Қазақ тілінде негізгі:

1. Патофизиология. 2 томдық, 2 т.: оқулық / қазақ тіл. ауд. С.Б. Жәутікова; ред. В.В. Новицкий. – М.: ГЭОТАР-Медиа, 2018.
2. Патофизиология. 2 томдық, 1 т.: оқулық / қазақ тіл. ауд. Б.А. Жетпісбаев; ред. В.В. Новицкий. – М.: ГЭОТАР-Медиа, 2017.
3. Адо А.Д. Патофизиология: оқулық. 1 том. – Эверо, 2015.
4. Адо А.Д. Патофизиология: оқулық. 2 том. – Эверо, 2015.
5. Нұрмұхамбетұлы Ә. Патофизиология. 1 том: оқулық/ Ә. Нұрмұхамбетұлы. – өнд., толықт. 3-бас. – Алматы: Эверо, 2015. – 182 бет с
6. Нұрмұхамбетұлы Ә. Патофизиология. 2 том: оқулық/ Ә. Нұрмұхамбетұлы. – өнд., толықт. 4-бас. – Алматы: Эверо, 2015. – 214 бет с.-
7. Нұрмұхамбетұлы Ә. Патофизиология. 3 том: оқулық/ Ә. Нұрмұхамбетұлы. – өнд., толықт. 4-бас. – Алматы: Эверо, 2015. – 216 бет с.
8. Нұрмұхамбетұлы Ә. Патофизиология. 4 том: оқулық/ Ә. Нұрмұхамбетұлы. – өнд., толықт. 4-бас. – Алматы: Эверо, 2015. -154 бет с.
9. Нұрмұхамбетұлы Ә. Патофизиология: оқулық . . – өнд., толықт. 3-бас. – Алматы, 2011. – 700 бет
10. Нұрмұхамбетұлы Ә. Клиникалық патофизиология. I- том: оқулық/ Ә. Нұрмұхамбетұлы; Патофизиология. –II және оның клиникалық медицинадағы мәселелеріне нұсқама. -2-ші бас. – Алматы: Эверо, 2016.-180 б.с.
11. Нұрмұхамбетұлы Ә. Клиникалық патофизиология. 2- т. Патофизиология. –II және оның клиникалық медицинадағы мәселелеріне нұсқама: оқулық / Ә. Нұрмұхамбетұлы; -2-ші бас. – Алматы: Эверо, 2016. -252 б
12. Нұрмұхамбетұлы Ә. Клиникалық патофизиология. 3- т . Патофизиология. –II және оның клиникалық медицинадағы мәселелеріне нұсқама: оқулық / Ә. Нұрмұхамбетұлы; -2-ші бас. – Алматы: Эверо, 2016. – 248 б

Қосымша:

1. Нұрмұхамбетұлы Ә. Патофизиология-1. Клиникалық практикада өте маңызды біртектес дерттік үрдістердің патогенезі мен емдеу жолдарына нұсқама. 1 том: оқу құралы. – Алматы: Эверо, 2016.
2. Нұрмұхамбетұлы Ә. Патофизиология-1. Клиникалық практикада өте маңызды біртектес дерттік үрдістердің патогенезі мен емдеу жолдарына нұсқама. 2 том: оқу құралы. – Алматы: Эверо, 2016.
3. Патологиялық физиология. Тәжірибелік сабақтарға нұсқау: оқу құралы = Патофизиология. Руководство к практическим занятиям: учеб. пособие/ В.В. Новицкий [ж.б.]; ред. басқ. В.В. Новицкий, О.И. Уразова; қаз. тіліне ауд. С.Б. Жәутікова. – М.: ГЭОТАР-Медиа, 2014.
4. Уразалина Н.М. Тест тапсырмалары. I-бөлім. Жалпы нозология, этиология және патогенез, тұқым қуалаушылық реактивтік патологиясы және аллергия. – Алматы: Эверо, 2014.
5. Уразалина Н.М. Тест тапсырмалары. II-бөлім. Біртектес дерттік үрдістер. – Алматы: Эверо, 2014.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы		№81-11-2024
«Жалпы патология» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар		36 беттің 35 беті

6. Жәутікова С.Б. Мамандырылған патологиялық физиология курсы: оқу-әдістемелік құралы. – Қарағанды: ЖК «Ақ Нұр», 2013.

7. Жәутікова С.Б. Патологиялық физиология пәні бойынша ситуациялық есептер жинағы: оқу-әдістемелік құралы. – Қарағанды: ЖК «Ақ Нұр», 2013. электронды ресурс:.

8. Патологиялық физиология. Тәжірибелік сабақтарға нұсқау [Электронды ресурс]: оқу құралы = Патофизиология. Руководство к практическим занятиям: учебное пособие/ қаз. тіліне ауд. С.Б. Жәутікова; ред. басқ. В.В. Новицкий. –Электрон. мәт. мәлімет (63,4Мб). – М.: ГЭОТАР-Медиа, 2014.

Электрондық ресурстар:

1. Патология. Екі томдық. 1 т [Электронный ресурс] :оқулық / қаз.тіл. ауд. С. А. Апбасова ; ред. М. А. Пальцев. - Электрон.текстовые дан. (1,42Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 536 бет.эл
2. Патология: оқулық: 2 т.[Электронный ресурс]
/М.А.Пальцев,В.С.Пауковредакциясынанбасқарғандар :М.:ГЭОТАР.- Медиа.2015
3. Митрофаненко, В. П.Патологияның негіздері мед.училищелер мен колледждергеарн. оқулық = Основы патологии : / - Электрон.текстовые дан. (154Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 568б. С
4. Патологиялық физиология. Тәжірибелік сабақтарға нұсқау [Электронный ресурс] :оқуқұралы = Патофизиология. Руководство к практическим занятиям : учебное пособие / қаз.тіліне ауд. С. Б. Жәутікова ; ред. В. В. Новицкий. - Электрон.текстовые дан. (63,4Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 768 бет.эл. опт. диск
5. Патологиялық физиология.Досжанова М.П. , 2015 Aknurpress / <https://aknurpress.kz/login>
6. Патологиялық анатомия/Ахметов Ж.Б. , 2020 Aknurpress / <https://aknurpress.kz/login>
7. Ахметов, Ж.Б.Патологиялық анатомия: Оқулық. / ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы . - Алматы: Экономика, 2012. - 742б. -ISBN 978-601-225-428-0<http://rmebrk.kz/>
8. Новицкий, В. В.Патофизиология [Текст] : учеб. пособие / под ред.: В. В. Новицкий, Е. Д. Гольдберг, О. И. Уразова. - 4-е изд., перераб. и доп. - М. : ГЭОТАР-Медиа, 2013 .Т. 1. - 338 с. - <http://elib.kaznu.kz>
9. Сайт: www.ukma.kz
10. Репозиторий ЮКМА <http://lib.ukma.kz/repository/>
11. Республиканская межвузовская электронная библиотека <http://rmebrk.kz/>
12. Консультант студента <http://www.studmedlib.ru/>
13. Ашық кітапхана [https:// kitap.kz/](https://kitap.kz/)

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН

**MEDISINA
AKADEMIASY**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

**MEDICAL
ACADEMY**

АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»

«Морфологиялық пәндер» кафедрасы

№81-11-2024

«Жалпы патология» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар

36 беттің 36 беті